

ҰРПАҚ САБАҚТАСТЫҒЫНЫҢ КӨРКЕМ КОНЦЕПЦИЯСЫ

Ақыш Н.¹, *Ақыш Б.²

¹филология ғылымдарының докторы, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан, e-mail: babe8812@mail.ru,

*²филология ғылымдарының кандидаты, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің доценті, Алматы, Қазақстан, e-mail: akysh54@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада қазақ балалар прозасының тақырыптық ауқымы мен көркемдік көкжиегі жылдар өткен сайын кеңейіп, онда қолданылатын көркемдеуіш құралдардың да саны арта бастағаны жан-жақты талданады. Мақаланың мақсаты шығармашылықтағы ұрпақ сабақтастығының әлсірегенін көрсету. Басқа оқырман қауымды былай қойғанда, бүгінгі таңда балалар әдебиетіне қалам тартып жатқан жас талапкерлердің арасында алдыңғы толқынды біле қоймайтындар кездесіп жатады. Әдебиетте дәстүр сабақтастығы деген ұғым бар екендігі белгілі. Жаңаша еңбек жазғысы келетін жастарымыздың алдыңғы шежірені, дәстүр сабақтастығын сызып тастауға асығуы ғылыми ойлау жүйесінен алыс. Мақаланың алға қойған мақсатын ғылыми түрде дәлелдей отырып, осы бағытта жұмыс істеп жүрген ізденушілерге ой тастау және алдағы кезеңдегі жұмыстарына көмек көрсету. Сондықтан алдыңғы буынның жекелеген өкілдерін атап өтуді жөн көріп, ішінара жан-жақты талдау да ұсынылды.

Отыз жылдың ішінде қазақ балалар прозасының төл кадрлары Роза Әбілқадырова, Тұрдақын Жексенбай, Нұрдәулет Ақыш, Пернебай Дүйсенбин, Шәкен Күмісбайұлы, Бейсенбай Сүлейменов, Толымбек Әбдірайым, Жеткерген Әбдіреев, Ділдар Мамырбай, Қанат Қайым, Болат Үсенбай, Қайым-Мұнар Тәбей, Сабырбек Олжабай, Әлібек Файзуллаұлы, Айса Хамзин, Сәбит Дүйсенбиев, Дүйсен Мағұлұмов, Кеңес Оразбек өздерінің жаңа шығармаларын оқырмандарына ұсынды. Сонымен бірге тәуелсіздік жылдары жақсы шығармаларымен көрінген Баянғали Әлімжанов, Есенәлі Ерәлі, Махмұтбай Әміреұлы, Нағашыбай Мұқатов, Сәуле Досжан, Толыбай Абылаев, Райхан Мәженова, Көсемәлі Сәттібай, Зира Наурызбаева, Есей Жеңісұлы, Бағдат Айтмұқаева, Нұрлан Қалқа бұлар – балалар әдебиетінен басқа салаларға да қалам тартатын қаламгерлер.

Олардың ізін ала шыққан Алмат Исаділ, Мейрамкүл Жаңбырбаева, Алтынай Амангелді, Мұхаметқали Қалмаханбет, Бейбіт Сарыбай, Ғалымбек Қанибекұлы, Ж.Кенжалиев, Әлібек Байбол, Елдос Тоқтарбай, Зәуре Төрехан, Мейіржан Жылқыбай, Ернұр Сейдахмет, Гүлжан Аманкелдіқызы, Есболат Айдабосын, Нұрлан Құмар, Адина Жүсіп, Айдарбек Байділда, Марат Құлибайұлы, Нұрсила Оспанова, Көкбөрі Мұбарак тәрізді жас қаламгерлер. Олардың қаламынан ұлттық болмысымызды бейнелеп жеткізетін түрлі жанрдағы шығармалар өмірге келуде. Бұл шығармалардың барлығы дерлік балалар өмірі оның шынайылығын, пәктігін түрлі оқиғалар арқылы суреттеуге тырысқан. Зерттеу жұмысының жаңалығы – балалар өміріндегі оқиғаларды әдебиеттану ғылымының заңдылықтарын басшылыққа ала отырып талдау жасау.

Бүгінгі қазақ әдебиеттану ғылымында ұрпақ сабақтастығы мәселесін көтерудің өзі құндылық болып табылады.

Тірек сөздер: дәстүр сабақтастығы, формация, патриоттық сезім, ұлттық болмыс, көркемдік фактор, үрдіс, дәріптеу, талдау, риторика, реалистік ұстаным, мәтін, динамика, мотив, көркемдік фактор, ситуация, типология, кеңістік.

Негізгі ережелер

Жаңаша көркемдік талдаулар жасай алатын, креативті ойлауға бейім жас қаламгерлердің өсіп келе жатқанын шығармалары арқылы дәлелдеу негіз болды.

Кіріспе

Балалар жазушыларының өзектілігін жоғалтқан кейбір ескі идеяларды тықпалай бермегені абзал. Өйткені ондайларда кеңестік сарынның ұшқындары кездесуі ықтимал. «Балалар әдебиетін» трендке айналдырайық деп жүрген қаламгерлеріміз бар. Бірақ, жоғарыда айтқанымыздай, қандай жағдайда да ұлттық ділімізден, салт-дәстүрімізден қол үзіп кетуге болмайды. Өйткені кейінгі буын өкілдері арасында ондай тенденцияның орын ала бастағанын жасырмағанымыз жөн.

Заманауи көзқарастың бір ұшқыны Б. Ғұбайдуллиннің: «Балаларға жазу үшін жан дүниенің ең болмаса бір сәтке болса да, мына у-шуы көп дүбірлі дүниеге, мынау қулық-сұмдығы таусылмайтын әлем-жәлем әлемге баланың бейкүнә көзімен, сәбидің періште пейілімен қарай алатындай балалық аңғалдық, яғни жан тазалығы сақталуы шарт» [1] деген тұжырымында айқын көрініс тапқан. Құптауға тұрарлық ой екендігі сөзсіз.

Осыған байланысты жаңа тақырыптардың пайда болуы да заңды. Сондықтан да қоғамның талабы көрініс беріп отырғанымен, кей шығармалардың саясат ықпалында кеткендерімен, Кеңес дәуіріндегі балалар прозасының бәрін жоққа шығарып тастау асығыстық. Олардың ішінде әсіресе өлмейтін тақырыптарға жататындары – еңбек, табиғат лирикасы, патриоттық сезім, адамгершілік, имандылық көріністері. Бұлар адамзат бар жерде қоғамдық формацияға қарамастан, мәңгі айтыла беретін тақырыптар екендігі сөзсіз. Сонымен бірге балалар шығармаларының көпшілігінде үнемі кездесіп отыратын – ұлттық тәрбие халқымыздың асыл қасиеттерін дәріптеу.

Материалдар мен әдістер сипаттамасы

Балаларға арналған шығармаларды зерттеуде төмендегі әдістер пайдаланылды. Типологиялық әдіс, компоненттік талдау әдісі, салыстырмалы-салғастырмалы әдіс тағы да басқа әдістер талдау барысында қолданылды.

Бұл шығармашылық үрдістің Тәуелсіздік дәуірінде жазылған жекелеген прозалық шығармаларда жалғасын тауып келе жатқандығы рас. Мақалада талдау өзегіне айналған нысандар – З. Жұманованың «Ақбота» [2], Б. Болатханованың «Менің жасыл әлемім» [3], Ә. Салықбайдың «Ілияс мінген Қарагер» [4], Е. Айдабосынның «Қызыл сақа» [5] жинақтарындағы әңгімелері, Қ. Жиенбайдың «Аполлон көбелегі» [6], А. Елгезектің «Болмаған балалық шақ» [7] хикаяттары.

Бұған дейін жылы лепті туындыларымен ересек оқырмандарды қуантып келген З. Жұманова 2019 жылы балалар мен жасөспірімдерге арнап «Ақбота» атты жинақ шығарған болатын. Оған көркем әңгімелер мен бірге ертегілер де енгізіліпті. Бірнеше бөлімнен тұратын кітаптың бірінші бөліміне ертегілер мен әңгімелер топтастырылған. Олардың ішінде «Жалмауыз кемпір қайдан

шықты?», «Мақта қыз бен Ернұр», «Көбелек қуған балақай», «Асан мен Үсен» сияқты ертегілері, сонымен бірге «Ауылдан келген әпенде», «Өтірікші», «Ең лас мамандық», «Саудагер бала», «Көреген», «Мейірімді қыз», «Қиын тапсырма» балаларға арналған әңгімелері енгізілген. Үшінші бөлімдегі «Санадағы сәулелер», «Біз де бала болғанбыз» деген топтамаларының мазмұнына қарағанда өмірбаяндық сипаттары басым көрінеді.

Өзінің қаламгерлік қуатын балаларға арнап жазған шығармаларында да көрсете білген З. Жұманованың жас оқырмандар түсінігіне лайықтап жазуды сәтімен меңгеріп білуі алдағы уақытта осы бағытта тағы да жұмыс істей алады деп үміттендіреді.

Нәтижелер

Осы төрт автордың аталған туындыларын үндестіріп тұрған көркемдік-идеялық факторлар қандай деген мәселеге келетін болсақ, ең алдымен байқалатыны – ұлттық сыр-сипатымызға қатысты түрлі бояулы көріністер, салт-дәстүр мен ұлттық мінез-құлық. Бұл шығармаларда сөз болатын оқиғалардың көркемдік кеңістігі едәуір алшақ, Ә. Салықбайдың «Ілияс мінген Қарагер» шығармасының оқиғасын жиырмамыншы ғасырдың бастапқы жылдарына алып келсе, Қ. Жиенбайдың «Аполлон көбелегі», А. Елгезектің «Болмаған балалық шақ» хикаяттары еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі өзгеріске ұшырай бастаған қоғамның тосын келбетін көрсетеді. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Балалар әдебиеті» баспасының директоры, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Ш. Күмісбаев: «Мен Баян Болатханованың балалар тақырыбына жазылған көптеген шығармаларымен таныспын. Қарындасымыздың халықаралық «Дарабоз» жабық бәйгесінде бірінші сыйлықты иеленген «Бойтұмар мен Бибіаждар» атты хикаяты осы жабық бәйгеге келіп түскен таңдаулы шығармалардың бірі екендігіне дау жоқ. Баян қарындасымыз ойлы әңгімелерімен Республикалық мерзімді басылымдар бетінен жиі көрініп жүр. Шығармашылық ізденістеріне қарап, арамыз бүгінгі қазақ балалар әдебиетінің ауыр жүгін көтерісер тағы бір қаламгермен толыққанына сенімдімін» [8, 4 б.] деп, көңілге толымды пікір білдірген екен.

Талқылау

Жазушы Б. Болатханованың «Менің жасыл әлемім» кітабына жасөспірімдер мен балаларға арналған әңгімелер мен ертегілер, көркем хикаяттар жинақталған. Осы жинақтағы «Бибіаждар мен Бойтұмар» хикаяты мен «Сарыкөжек» туындысы балаларға арналған шығармалар байқауында және «Дарабоз» әдеби бәйгесінде жүлделі орындарға ие болған. «Алашапан» атты әңгімесінде баяндалатын – қарт майдангердің отбасындағы жағдайлар. Бұл – соғыс кезінде шаңырағы шайқалған ата-анасының бұл екінші отбасы. Майдан кезінде балалары шетінеп кеткен. Олар енді көпке дейін бала сүймей, кішкене қозыны асырап алады да, бала орнына балап жүреді. Кішкентай қыз бала әке-шешесі көрген майдан қасіретін өз ой елегінен өткізіп әңгімелейді. Бұл арада әңгіменің ерекшелігі – осы бүлдіршіннің түсінігімен ұлттық таным

үйлесімді өрілгенінде. Жазушының этноәңгімелер топтамасына жататындар – «Ыңғырық», «Қарақиядағы көкпар», «Алашапан» әңгімелері. «Ыңғырықта» атбегілер жүйрік ат ұстағанда қолданатын ат әбзелі ығыршық туралы әңгіме болады. Кішкене сәбидің тілі келмей, «Ыңғырық» деп атаған.

Қазақтың ұлттық спорты көкпар туралы сөз қозғайтын «Қарақиядағы көкпар» әңгімесінің оқиғасы жайлауда мал бағып жүрген шопан, жылқышылар арасында өрбиді. Кішкентай қыздың көз алдында сомдалатын – көкпарға жаралы қолымен қатысқан әкесінің қаһарман бейнесі. Жаралы болғанына қарамай, көкпарға қатысып, нағыз ерлік көрсетіп, үйіне көкпарға тартқан серкені алып келетін әке жас кейіпкер үшін нағыз батыр. Бұл ерлік тәрбиесінің сәби санасында біржола сақталып қалуы да нанымды. Осындай тәрбиелік мәні бар өмірлік детальдар қосыла отырып жазылған шағын туындылар қатарына «Ши қалпақ», «Менің жасыл әлемім», «Юла», «Ию-қию» әңгімелері де жатады. Мысалы «Ши қалпақта» кейіпкер Бөкен қыз өзінен бір жарым жас қана үлкен Төмпішкенің кішкентай болса да әпке екенін аңғаруы тартымды психологиялық дәлдікпен берілген. «Юла» әңгімесінің кейіпкері бар болғаны екі жарым жастан жаңа асқан кішкене қызға дөкір мінез көрсеткен үлкен апа. Кейіпкердің «Ашу дұшпан, ақыл дос» деген мақалды ұстанған өз анасы жаңағы ұрысқақ апамен жанжалдасуға бармайды. Шығарманың тәрбиелік мәні де осында.

«Менің жасыл әлемім» көршінің балаларымен тату-тәтті бірге ойнап өскен жайлаудағы жарқын өмірге құрылған. Әсем табиғат аясындағы ертелі-кеш алаңсыз ойнайтын бүлдіршіндер бір үйдің баласындай. Бөкен қызға атасы мен апасы орталықтан әкеп берген жасыл велосипедке балалардың бәрі жарыса мініп, тәтті дәмді базарлыққа да тояды. Ата-анасы жасыл сандал, жасыл велосипед әкеп берген Бөкен ертеден кешке дейін балалармен жасыл белде асыр салып ойнауға құмар. Яғни, сол бір ортасында жүрген жасыл әлем бүлдіршіннің эстетикалық көзқарасының қалыптасуына да себепші. Кішкентай балаларға әжесі, атасы, жалпы үйдегі қариялар жанұя психологы ретінде жақсы әсер ететіндігі «Ию-қию» әңгімесінде «Әжесі бар балалар қорықпайды» деген қызықты тұжырымға алып келеді. отбасындағы бала, ана, немере психологиялық қарым қатынастарына арналған «Автобус апа» әңгімесінің түпкілікті идеясы да осы сарынға саяды.

Б. Болатханованың «Ит балық», «Қайтып келші, қарлығаш», «Қызыл еспедегі өскін досым», «Ақ мысық» әңгімелері экология тақырыбына арналған. Балалар мен жасөспірімдер арасында табиғатпен етене байланыс арқылы туған жерге, флора мен фаунаға сүйіспеншілік сезімі орнайтындығы айтылады.

Бала жанын көркем әдебиетте барлаудың тәсілдері біркелкі емес екені әдебиет шежіресінен жақсы белгілі. Баланың бейнесін жасаудың белгілі бір рецепті де жоқ екені бәрімізге мәлім. Осы жағынан келгенде жазушы Ә. Салықбайдың жас оқырмандарға арнап жазған прозалық шығармалары өзінің машығына лайықты бірқалыпты ұстанымынан ауытқымай келеді. Жазушы оқиғаны кейіпкердің төңірегінде құра отырып, тек көркем суреттеулер мен динамикалық оқиғаларды іріктеп алуға онша ықыласты емес.

Ол асықпай баяндау арқылы бас кейіпкердің бейнесін әр қырынан ашуды мақсат ететін қаламгерлердің қатарынан.

Оған дәлел жазушының «Ілияс мінген Қарагер» жинағына енген «Армандау альбомы», «Асылтай неге ауырды?», «Дос іздеген қыз», «Атам – ауыл чемпионы», «Ілияс мінген Қарагер», «Аяулым», «Мақтау қағазы» және басқа әңгімелері. Бұл әңгімелерде жазушы белгілі бір оқиғаны ғана алып, оқырманды қызықтыру мақсатымен шектеліп қалмайтынын аңғарамыз. Ондағы оқиғалардың идеялық қазығы – бас кейіпкердің тағдыры арқылы өмірде кездесетін кейбір келеңсіз оқиғалар мен оқырманды ойға қалдыратын күрмеуі қатты ситуацияларды көлденең тартып отыру.

«Армандау альбомында» тұрмыс-тіршілігі белгілі бір шеңбердің ішінде шектеліп қалған, әлеуметтік тұрғыдан алғанда қолы қысқа отбасынан шыққан баланың арманы мен ешкімге айта бермейтін жұқалаң мұны қатар жүреді. Оған дәлел – бесінші сыныптың маңдайалды шәкірті Нұрасылдың басынан өткізетін ірілі-уақты оқиғалары. Бала өзге қатарластары сияқты қанатын кеңге жазып, өмірдің барлық қызықтарын көруге мүмкіндік таба алмайды. Өйткені, ол – төрт қабырғаның арасында ғана, қаланың тар бұрышында өмір сүріп жатқан отбасының перзенті. Сабақтан қайтып келе жатып сыныптасы Азаматтан қандай тақырыпқа жазғанын сұрағанда, ол да Шымбұлақ туралы көркем шығармаға ден қойғанын айтып мақтанады. Өзінің сыныптастары Шымбұлақ туралы шығарма жазған кезде Нұрасылдың сүйенетіні – теледидардан көргендері ғана. Сонымен өз қиялының шектеулі екендігін, жекелеген ойдан қосқан жерлерін әшкереленіп қалғанын сезген баланың қапа болуы да өмір шындығынан алыс емес. Бұдан шығатын көркемдік қорытынды – қалалы жерде болсын, ауылды жерде болсын, балалардың әлеуметтік жағдайы оның психологиясына түрлі өмірдегі мәселелеріне әсер ететіндігі.

Қатарластары сияқты емес, тұрмыс мүмкіндігі тежеп қойған бала жасқаншақ, қатарынан кем екенін сезінгендіктен, болбыр әрі момын болып өсетінін жазушы осы екі баланың тіршілігін қатар салыстыра отырып дәлелдейді.

Немесе «Ілияс мінген Қарагер» шығармасының оқиғасын алып қарастырайық. Мұнда жазушы жеткіншектер өміріне басқа қырынан келген. Бас кейіпкері – атақты ақын Ілияс Жансүгіров. Оқиға сол Ілиястың бала кезінде басынан өткенге ұқсайды. Оның атқа мініп, бәйгеге шабуы, сол жолдағы күйзелістері мен талпыныстары, айналасындағы адамдармен болған әлеуметтік тартыстары ұлы тұлғаның жас кезіндегі бейнесін оқырманға бейтаныс қырлары арқылы ашқан.

Бала Ілиястың Қарагерге мініп, бәйгеге шабуы уақыт өте келе, оның «Құлагер» сияқты аса ауқымды да, көркем поэманың жазылуына түрткі болғанын аңғартады. Демек болашақ ақын бұл тақырыпқа ертерек дайындықпен келген. Бұл арада кейіпкер қанша ұлы болғанымен, балаға тән психологияның басымырақ түсіп жатқаны аңғарылады. Мұның өзі жазушының өмір шындығынан қандай болған күнде де алыстамауға тырысқандығын дәлелдейтін фактор. Ал өмір шындығынан айналсоқтап оны

көркем шындыққа айналдыру мақсатын көздеген жазушының таза реалистік ұстанымға берік екеніне күмән болмаса керек.

Әкесінен жастай айырылып қалған Аяулым деген қыздың аяулы тағдыры оқырманды еріксіз тебіrentетін деңгейде. Ақылды бала есін білмей жатып әкеден айрылғанымен, есейгенше серік болып кеткен –бірыңғай жоқтаудан тұратын тақсіретті сезімі. Жазушының бұл арадағы көркемдік мақсаты – сол жас бүлдіршіннің өмірінде кездесетін түрлі қайшылықтарды шағын оқиғалармен әдіптеп жеткізу.

«Ақтық айқас» хикаятының бас кейіпкері Санжар – спорт жолында өзін көрсетуге талпынып жүрген талантты жас. Түрлі бұралаңдар мен әділетсіздіктердің, тіпті қиянатты жағдайлардың ұшырасып жатуы – бұл ұстанған бағытының тақтайдай тегіс болмайтындығын аңғартады. Жанкешті еңбегі мен талантының арқасында тіпті шетелдік дүбірлі жарыстарға қатысып жүрсе де, өзінің адамгершілік, имандылық жолынан айнымайтын Санжардың ұстанымына еріксіз сүйсінесіз.

Жалпы Ә. Салықбай өзінің балаларға арналған шығармаларында алдыңғы қатарға қоятыны – осындай адамгершілік пен имандылық, тазалық пен қайсарлық тәрізді адами қасиеттер. Кейіпкерінің бойынан көрінетін осындай ерекшеліктер түрлі сынақтардан өтеді. Бас кейіпкердің әдепкі ұстанымдарынан айнытып жататынын, бірақ түбі айналып келгенде сол таза ұстанымға қайта оралатынын жазушы шынайы ситуациялармен бейнелей біліпті.

Солай бола тұрған күннің өзінде жазушы шығармалары кемшіліктен ада деп айта алмаймыз. Ішінара публицистикалық сарынды елестететін баяндаулардың молдығы, негізгі оқиғаны дамытып әкетпей, соған себеп болатын көлденең жағдаяттарды көбірек тізбектеу сияқты тұстары кездеседі. Әрине, бұл бара-бара жөнделіп кетуі де ықтимал. Жасамыс қалпында да бүлдіршіндерге арналған шығарманы ерекше сүйіспеншілікпен жазғаны үшін де жазушы шығармашылығының тазалығын сездіреді.

Өзінің балалық, жасөспірімдік кезеңі туралы қалам тартпаған қазақ қаламгерлері бірен-саран. Бұл бағыттағы жазылған шығармалардың ішіндегі оқырман назарын көбірек аударғандары – Б. Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат», Ш. Мұртазаның «Ай мен Айша», Н. Ақыштың «Аласа таулар аясында» және басқа да қаламгерлердің жекелеген өмірбаяндық көркем шығармалары. А. Елгезектің «Болмаған балалық шақ» деп аталатын хикаяты осы қатарды сеніммен толықтырған, көркемдігі кенеулі туындылар тобынан алады деп бек сеніммен айтуға дәлел жеткілікті.

Мұнда баяндалатын – енді-енді ес біле бастаған кезден-ақ отбасылық жағдайға байланысты тірі жетімдікті көріп, өмірдің қиындығын, тақсіретін тартқан баланың бастан кешкен хикаялары. Бұл арада баяндалады деген сөзді қолданудың өзі шартты нәрсе. Шығармада жалаң емес, көркем баяндау мен айшықты суреттеулер басымырақ.

Шығарманың оқырман қауымды бірден елең еткізіп тартып әкетуінің басты көркемдік эстетикалық тетігі – оның көркем тілмен, артық ауыз әңгімесіз тек нақты оқиғалар мен эпизодтар төңірегінде жазылуы. Әкесі ерте

қайтыс болып, анасының қолында қалған баланың анасының төркініне көшіп бару, ол жерде анасының тұрмысқа шығып кетіп, жас бүлдіршінді нағашыларының қолында қалдырып кетуі – көп болмаса да өмірде кездесіп тұратын жағдаяттар. Қанша айтқанмен, жас адамның тағдыры үлкендердің шешіміне тікелей байланысты екенін жазушы жалаң патетикаға берілмей, нақты реалистік оқиғалардың төңірегінде көрсетіп отырады.

Бұл арада «көзімді ашып көргенім, аузымды ашып сүйгенім» дегендей өмірге келгеннен кейін оң-солын енді тани бастаған бүлдіршіннің көзқарасы қалай қалыптасады деген мәселе алдымыздан атойлап шығады. Оған тікелей әсер ететін – айналасында жүрген ең жақын адамдардың мінез-құлқы, өскен ортасының түрлі әлеуметтік қырлары мен сырлары. Жас Ақберен түрлі қиындықтарға тап болса да, өзін өзі қорғау керектігін, өмір үшін күресуге тура келетінін ол оң-солын танымай жатып-ақ түсіне бастайды. Айналадағы қоршаған адамдардан жөнсіз қиянат көруі оны қияңқылыққа емес, әділдік үшін күресуге шақырғандай болады. Сөйтіп, өзіне қол жұмсайтын қатарластары мен ересектеріне қарсы тұра білуі, біртіндеп төбелес өнерін де меңгеріп алуы, сонымен бірге кіммен қалай сөйлесу керектігін психологиялық тұрғыдан аңғара бастауы баланың ерте есеюінің белгісі. Жас кейіпкердің деп қосып қойсақ та, артық емес. Осындай жастайынан күрес жолына түсіп, өзін өзі анықтап алу мақсатында түрлі орталардағы әрекеттері баланың тез есеюіне, санасының жетілуіне, тіпті интеллектуалдық ойының дамуына тікелей ықпал еткені сөзсіз.

Шығармада Орынғали, Қалам, Федор әкей тәрізді есте қалатын персонаждар қатары бірсыпыра. Бала көзімен қараған күннің өзінде де бұлар адами қырлары мүмкіндігінше ашылған кейіпкерлер. Олардың әрқайсысы белгілі бір сипаттарымен жас кейіпкердің көз алдында қалып қойған. Атап айтқанда, Қалам, достары Тілеукеш, Тимур, Алешка, одан өзге Орынғали, көкесі және оның балалары мен қыздары, келіндері. Олардың әрқайсысының ерекшеліктеріне баса көңіл бөлуі арқылы автор айқын мінездеме бере білген.

Бұл арада бір қызығы анасының жаңа күйеуі Қалам да, әкесінің ағасы Орынғали да – адамға мейірімі аз, зорлық-зомбылыққа құмар типтер. Өздері еңбекқор бола тұрып жақын адамдарына қорлық көрсетуі, тізе басуы қазақы ұстанымнан алыс жатыр. Әсіресе Орынғали ақсақалдың өзінің туған қарындасы Кәкенмен бақталас болуы және әдейі жындарына тиіп үрім-бұтағымен төбелеске шақыруы тіпті де қазақи дәстүрімізді белінен басатын теріс құбылыстар.

Және бір ерекшелігі бұлар әлдеқайда жат жерде жүрген жоқ, өздерінің ортасында, нағыз қазақ ауылында өскен адамдар. Сөйте тұра Орынғали ақсақалдың туған қарындасымен өштесуі, оның балаларын айдап салып, төбелес ұйымдастыруы және келіндерін де сабауы тіпті де көңілге қонбайды.

Автор да бұл жерде бұл тосын ситуацияларды ойынан шығарды деуге болмайды. Өмірбаяндық туынды болғандықтан да, көзімен көріп, қолымен

ұстаған жағдаяттарды қысқаша ғана баяндап өткен. Сондықтан, бұндай жағымсыз жағдаяттарға оқырманның тіпті де сенбеске амалы жоқ.

Бірақ жаңағыдай туысқандардың қазақи мінезге кереғар әрекеттерге баруы ақтап алуға жататын іс емес. Шығарманың көркемдік бояуын қалыңдатып тұрған факторлардың бірі – осындай бояуы қанық жекелеген образдар.

Өзінің әдебиет туралы айтқан бір сөзінде жазушы Т. Ахтанов жас оқырмандар үшін ересектер тақырыбының жабық болмайтынын, керісінше, оларға үлкендердің адами болмысын жеткізіп отыру керектігін еске салады. Автордың сондағы көңіл бөлгені – қалайда еңбек пен имандылық ұғымдарын тасада қалдырмау керек екендігі.

Өйткені қандай отбасы да үлкендер мен балалардан тұрады, отбасылық құндылықтың үлкені сол баланың қалай тәрбиеленуіне байланысты екендігі сөзсіз. Осы тұрғыдан келгенде, А. Елгезектің аталған туындысындағы ересектер бейнесі даралану арқылы типологиялық жинақтауды аңғартады деуге болады.

Енді осынша қанық образдардың ішінде сәл көмескі тартып қалатындары да жоқ емес. Әрине, екінші қатардағы эпизодтық кейіпкерлер болғаннан кейін мұндай бұлдыр-бұлдыр бейнелер көлемді әрі көркемдігі жоғары шығармалардан да табылып жататынын ескерсек, хикаяттың негізгі фабуласына, идеялық ұстанымына ешқандай да көлеңке түсіре алмайды деп бек сеніммен айтамыз.

Ұсыныс ретінде айтылатын бір ой бұл арада шығарманың атын дәл солай қоймаса да болар еді. Автор айтып тұрғандай, кейіпкердің балалық шағы болмаған деп үзілді-кесілді баға беруге болмас. Балалық шақ болған, бірақ ол жылдары қиындыққа толы тақсиретті балалық шақ. Тосын тіркестер мен айшықты орамдардың кездесуі әдеби норма талаптарының деңгейінде.

Айналып келгенде, А. Елгезектің «Болмаған балалық шақ» хикаяты өзінің діттеген мақсатына жеткен, оқырманның көз алдына кезең шындығын көркем бейнелеген дүниелердің қатарынан табылатыны сөзсіз.

Қазіргі қазақ балалар прозасына соны әуенмен келіп қосылған бұл туындыны тек жастар ғана емес, үлкендер де қызыға оқиды деген сенімдеміз.

Жазушы Е. Айдабосынның «Қызыл сақа» (5) кітабы «Жетісу балалар кітапханасы» сериясы бойынша Алматы облысы әкімдігінің қолдауымен «Тоғанай» баспасынан жарық көрген екен. Жинаққа автордың «Қоңыр боти», «Сүлікқара», «Қызыл сақа», «Қамшыұстар», «Арасанға барғанда...», «Тепкі» деп аталатын алты әңгімесі енгізілген. Жеткіншектерге арналған бұл шығармалар оқырман жасын тандамайды десек те болар еді. Автордың әңгімелерді жазу барысында мақсатты түрде белгілі бір аудиторияны көздемегені олардың мазмұнынан аңғарылып отырады.

Осы арада әдебиеттанушы ғалым С. Қалқабаева өмір шындығын көркем шындыққа айналдыруда шығармашылық ерекше үдеріс орын алатынын атап айтқан. Сонда жазушының көркем қиялының арқасында оқырманның эстетикалық қабылдауын ұштайтын басқа әлем жасалады екен.

Ғалым өзінің осындай теориялық тұжырымын көлденең тарта отырып, балалар тақырыбына жазатын жазушылардың да көркемдік әлемге қарым-қатынасының қалайша көрініс таба алатынын болжауға болады.

Жалпы алғанда Е. Айдабосынның «Тепкі» деп аталатын эссе сипатындағы әңгімесінің көркем кеңістігі де, идеялық ұстанымы да сәл бөлектеу. Онда автордың Қытай елінің астанасы Бейжіңде көрген кембағал баланың көңіл-күйі, оның қоғаммен қарым-қатынасы баяндалады.

Ал жинаққа енген қалған әңгімелерінің табиғаты ұқсас, кейбір жағдайларда бірін бірі толықтырып тұр деуге болады. Олар ауыл баласының өмірі мен психологиясын, қазақы салт-санасын көркемдік тұрғыдан талдауды мақсат еткен екен. Оларды оқып отырып автор бүгінгі балаларға ауылдың ұмытылып бара жатқан өмірін көрсеткісі келіп, әдейі сол тақырыпқа барғандай әсер береді.

«Қызыл сақа» әңгімесінде асық ойынының ережесімен қоса ауылды жердің тыныс-тіршілігі суреттелсе, «Сүлікқарада» қазақтың атбегілік өнерін, асау үйретіп, тайға мініп шапқан балаларды көреміз. Сол секілді «Қамшыұстар» әңгімесінде нақты сөз болатын нәрселер – қамшының жасалу техникасы, өрім өру, қамшысап қиюдың өзіндік тәсілдері.

Шығармада келтірілетін мына жолдарда этнографиялық сипат басым: «Шал мен немересі екі жақтап жүріп, былғарыдан қамшының жүрекше пішіндес алақанын жасады. Өрімді тобылғыға қайыспен шандып, шырмауығын байлады. Ең соңында қамшының бүлдіргісін таққан кезде намаздыгер болған еді» [5, 83-84 бб.].

Автордың ерекше тоқталып, жеке-дара талдауды қажет ететін дүниесінің бірі – «Қоңыр боти» әңгімесі. Мұнда ауыл балаларының өмірі ғана емес, әлеуметтік мәселелер көрініс береді. Ойнап жүріп от басып, жастай ауруға душар болған Қадронның тағдыры арқылы жазушының психологиялық талдаулар арқылы тарқататыны – бала тәрбиесінде кездесіп қалатын кейбір типтік олқылықтар.

Б. Момышұлының «Ұшқан ұя» туындысы жайында айта келіп, профессор Р. Тұрысбек жазушы ойын жүйелі түрде бергеніне назар аударыпты. Бұларда ата-ана мен олардың балалармен қарым-қатынастарының ең алдымен сыйластыққа негізделгенін баса айтқан.

Нақ осы пікірді қозғалып отырған тақырыпқа байланысты еске алуымыз бекер емес. Аталған үш автордың шығармаларымен таныса келіп, жалпы қазақи отбасының құндылықтарын көркем туындының өзегіне айналдыру талабы біреулер ойлағандай жеңіл-желпі нәрсе емес екендігіне тағы да көз жеткізе түсеміз.

Қорытынды

Әр кезеңдегі қазақ отбасының болмысын суреттей отырып, ұлттық құндылықтарды әдеби шығармалардың сюжеттеріне енгізу және осыған қатысты ойларды бүгінгі оқырманға өтімді тәсілдермен жеткізе білу – күн тәртібінен туындайтын рухани қажеттілік. Аталған әңгімелер мен хикаяттарды салыстыра келгенде, тақырыпты реалистікпен суреттей білу өтіп жатқан уақыт

белестерінің келбетіне сай болуы тиіс, отбасылық құндылықтар да рухани құндылықтың бір саласы деген қорытындыға келеміз. Бұл деген сөз отбасылық құндылықтардың әдебиеттегі көрінісі көркем уақыт пен көркем кеңістіктен тысқары тұра алмайтындығының дәлелі болса керек.

Жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарымыздың жоғалып кетпеуі үшін балалар әдебиетінің де өзіндік рөлі болатындығы туралы ойларды үнемі еске салып отыру қажет деп санаймыз. Бұл мақаланың жазылу мақсаты да сол тұжырымға орайластырылған.

Сондықтан да қазақ балалар әдебиетін ғаламтор мен электрондық құралдар арқылы насихаттау мәселесі үнемі қозғалып отырғаны жөн. Авторларға серпін беретін бұндай қамқорлықтар керек екендігі сөзсіз.

Ұсыныс ретінде күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің негізгілерін атап өту де артықтық етпейді. Олардың кейбіреулері мынандай:

Балаларға арналған кітаптарды таратуды тиянақты жүйеге қою.

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Оқулық» Республикалық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырып жатқан «Мектеп кітапханасы» сериялы кітаптарды шығару жұмыстарына қолдау көрсету.

Үшінші, балалар әдебиетін жазатын дарынды қаламгерлерді жоғары деңгейде қолдап отыру мәселесі көңіл көншітпейді. Олар көбіне дерлік мемлекеттік марапаттардан тысқары қалып келе жатыр. Бұл да балалар әдебиетіне үлес қосып жүрген ақын-жазушыларды ынталандыру үшін қажетті өзекті мәселе деп білеміз.

Республикалық Кітап палатасы 2020 жылы алғаш рет балалар әдебиетін өркендету мақсатында бәйге жариялаған болатын. Қазір ұнасымды дәстүрге айналып отырған бір жақсы салт – мемлекеттік емес ұйымдардың, жеке адамдарды өз тараптарынан бәйге жариялау және соған орай түрлі сыйлықтар тағайындауы. Сол игі бастаманы одан арман кеңейте түссе.

Мемлекеттік тапсырыспен шығаруда балалар кітабына өз алдына конкурс жариялау керектігі пісіп-жетілді десек те болады.

Тұжырымдап айтқанда, бүгінгі күні қазақ балалар әдебиетін, соның ішінде көркем прозаны дамыту мәселесі тоқырап қалған жоқ, кейбір бөгелістерге қарамастан, ілгері жылжуда.

ӘДЕБИЕТ

[1] Балалар әдебиетінің кредосы – шынайылық // Егемен Қазақстан, 27.05.2021

[2] Жұманова З. Ақбота. Балалар мен жасөспірімдерге арналған ертегілер, мысалдар, әңгімелер және хикаялар. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2019. – 276 б.

[3] Болатханова Б. Қарагөз – ғұмыр. Хикаят, әңгімелер. – Алматы: «Molia & DOS» ЖШС баспасы. – 2016.

[4] Салықбай Ә. Илияс мінген Қарагер. Әңгімелер мен хикаяттар. – Алматы: «Алматы-Болашақ» АҚ, 2020. –192 б.

[5] Айдабосын Е. Қызылсақа: хикаят, әңгімелер/ Есболат Айдабосын. – Алматы: «Тоғанай Т», 2017. – 112 б.

[6] Жиенбай Қ. Даңқ түрмесінің тұтқыны. Роман, әңгімелер, хикаят. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2002 ж. – 320 б.

[7] Елгезек А. Болмаған балалық шақ. – Алматы: «Абай» баспасы, 2020. – 140 б.

[8] Күмісбаев Ш. Алғысөз //Кітапта: Қарагөз – ғұмыр. Хикаят, әңгімелер. Баян

REFERENCES

- [1] Balalar adabietinin kredosy – shynaiylyq (The credo of children's literature is authenticity)// Egemen Qazaqstan, 27.05.2021. [in Kaz.]
- [2] Zhumanova Z. Aqbota. Balalar men zhasospirimderge arналған ertegiler, mysaldar, angimeler zhane hikayalar (Akbota. Fairy tales, parables, stories for children and teenagers). Almaty: JSS RPBK «Däuir», 2019. 276 b. [in Kaz.]
- [3] Bolatkhanova B. Qaragoz-gumyr. Hikayat, angimeler (Karagoz is life. Stories). Almaty: Almaty: «Molia & DOS» JSS baspasy. 2016. [in Kaz.]
- [4] Salyqbai A. Ilyas mingen Qarager. Angimeler men Hikayattar (Ilyas rode Karager. Stories). Almaty: «Almaty-Bolaşaq» AQ, 2020. 192 b. [inKaz.]
- [5] Aidabosyn E. Qyzylsaka: hikayat, angimeler (Kyzylsaka: story)/ Esbolat Aidabosyn. Almaty: «ToganaIT», 2017. 112 b. [in Kaz.]
- [6] Zhiyenbai Q. Dan'q turmesinyn tutqyny. Roman, angimeler, hikayat (A prisoner of the prison of glory. Novels, stories). Almaty: «Ölke» baspasy, 2002 j. 320 b. [in Kaz.]
- [7] Elgezek A. Bolmagan balalyq shaq (A childhood that didn't exist). Almaty: «Abai» baspasy, 2020. 140 b. [in Kaz.]
- [8] Kumisbayev Sh. Algysoz //Kitapta: Qaragoz-gumyr. Hikayat, angimeler. Bayan Bolatkhanova (Foreword //In the book: Karagoz - life. Stories, stories. Bayan Bolatkhanova). Almaty: «Molia & DOS» JSS baspasy. 2016. [in Kaz.]

ХУДОЖЕСТВЕННАЯ КОНЦЕПЦИЯ ПРЕЕМСТВЕННОСТИ ПОКОЛЕНИЙ

Акыш Н.¹, *Акыш Б.²

¹Доктор филологических наук, главный научный сотрудник Института литературы и искусства им. М.О.Ауэзова, Алматы, Казахстан,
e-mail: babe8812@mail.ru,

*²кандидат филологических наук, доцент Казахского университета международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, Алматы, Казахстан, e-mail: akysh54@mail.ru

Аннотация. В статье всесторонне рассматривается тематический диапазон и художественный кругозор современной казахской детской прозы, его расширение, а также увеличение количества используемых в ней художественных средств. При этом известно, что в литературе существует понятие преемственности традиции. Однако сегодня даже среди молодых детских писателей, не говоря уже о читателях, встречаются те, кто не знаком с представителями предыдущей волны. Стремление молодых писателей написать что-то новое и при этом не учитывать преемственности традиций ведет к забвению предыдущей летописи и не является дальновидным. Целью статьи является показать ослабление преемственности поколений в детской литературе, а также дать повод задуматься тем, кто работает в этой сфере, и помочь им в их работе в будущем. В связи с этим предлагается частичный комплексный литературоведческий анализ творчества отдельных представителей детской литературы предыдущего поколения.

За тридцать лет независимости Казахстана представили свои новые работы читателям такие ведущие фигуры казахской детской прозы, как: Роза Абилкадырова, Турдакын Жексенбай, Нурдаулет Акыш, Пернебай Дуйсенбин, Шакен Кумисбайулы, Нарбин Кенжегулова, Бейсенбай Сулейменов, Толымбек Абдирайым, Жеткерген Абдиреев, Дилдар Мамырбай, Канат Кайым, Болат Усенбай, Кайым-Мунар Табей,

Сабырбек Олжабай, Алибек Файзуллаулы, Айса Хамзин, Сабит Дуйсенбиев, Дуйсен Магулумов, Кенес Оразбек и другие.

Баянғали Алимжанов, Есинали Ерали, Махмутбай Амуреулы, Нағашыбай Муқатов, Сауле Досжан, Толыбай Абылаев, Райхан Маженова, Косемали Саттибай, Зира Наурызбаева, Есей Женисулы, Бағдат Айтмукаева, Нурлан Калка и другие писатели заявили о себе хорошими произведениями как в детской литературе, так и в иных направлениях литературы.

За ними идет следующее поколение писателей: Алмат Исадил, Мейрамкуль Жанбырбаева, Алтынай Амангельди, Мухаметкали Калмаханбет, Бейбит Сарыбай, Галымбек Канибекулы, Ж. Кенжалиев, Алибек Байбол, Елдос Токтарбай, Зауре Торехан, Мейиржан Жылкыбай, Ернур Сейдахмет, Гульжан Аманкельдыкызы, Есболат Айдабосын, Нурлан Кумар, Адина Жусип, Айдарбек Байдилда, Марат Кулибайулы, Нурсила Оспанова, Кокбори Мубарак (это те, чьи работы показались нам интересными) и другие.

Эти молодые писатели постепенно становятся основными фигурами детской литературы. Надеемся, что у них есть потенциал для создания ценных работ в будущем. Из-под их пера выходят на свет произведения самых разных жанров, отражающие казахскую национальную идентичность. Во всех этих произведениях делается попытка через различные истории описать реальность и невинность детской жизни. Новизна исследовательской работы заключается в анализе в аспекте закономерностей литературоведения событий в жизни детей, изображенных в произведениях казахской детской литературы. В современном казахском литературоведении само поднятие проблемы преемственности поколений представляет собой ценность.

Ключевые слова: преемственность традиции, формация, патриотизм, национальная идентичность, художественный фактор, тенденция, превознесение, анализ, риторика, реалистическая позиция, текст, динамика, мотив, художественный фактор, ситуация, типология, пространство.

THE ARTISTIC CONCEPT OF INTERGENERATIONAL CONTINUITY

Akysh N.¹, *Akysh B.²

¹Doctor of philological sciences, chief scientific officer at the Institute of Literature and Art named after M.O. Auezov, Almaty, Kazakhstan,
e-mail: babe8812@mail.ru,

*²candidate of philological sciences, associate professor at the Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan,
e-mail: akysh54@mail.ru

Abstract. In this article, the expansion over the years of the thematic scope and artistic range of Kazakh children's prose, as well as the increase in the number of artistic means used in it, is thoroughly discussed. The purpose of the article is to show the decline of intergenerational continuity in writing. Today, among young children's writers there are some who are not familiar with representatives of the previous wave, let alone readers. It is known that in literature there is a concept of continuity of traditions. The urge to erase the preceding chronicle, the continuity of tradition is not visionary of our young people who want to write something new. Scientifically validating the purpose of the article, provide a reason for reflection for those who work in this field and help them with their work in the future. Therefore, considering that it would be right to single out individual representatives of the previous generation, a partial comprehensive analysis is proposed.

Over these thirty years, the prominent figures of Kazakh children's prose Roza Abilkadyrova, Turdakyn Zheksenbai, Nurdaulet Aqysh, Pernebai Duisenbin, Shaken Kumisbaiuly, Narbin Kenzhegulova, Beisenbai Suleimenov, Tolymbek Abdirayym,

ZhetkergenAbdireev, DildarMamyrbai, KanatKayym, BolatUsenbai, Kayym-MunarTabei, SabyrbekOlzhabai, AlibekFaizullauly, AisaKhamzin, SabitDuisenbiev, DuisenMagulumov, KenesOrazbek and others introduced their new piecesto readers. Also, BayangaliAlimzhanov, YesinaliErali, MahmutbaiAmireuly, NagashibaiMukatov, SauleDoszhan, TolybaiAbylayev, RayhanMazhenova, KosemaliSattibai, ZiraNauryzbaeva, YeseiZhenisuly, BagdatAitmukaeva, Nurlan Kalka and otherwriters, who presented themselves through their excellent works in the years of independence,write in other areas besides children's literature.

They were followed by AlmatIsadil, MeyiramkulZhanbyrbaeva, AltynaiAmangeldi, MukhametkaliKalmakhanbet, BeybitSarybai, GalymbekKanibekuly, Zh. Kenzhaliyev, AlibekBaybol, YeldosToktarbai, ZaureTorekhan, MeyirzhanZhylykbyai, YernurSeydakhmet, GulzhanAmankeldykyzy, EsbolatAidabosyn, Nurlan Kumar, Adina Zhusip, AidarbekBaylda, Marat Kulibayuly, NursilaOspanova, Kokbori Mubarak (these are only those whose work distinguished themselves for us) and other young writers. They are gradually becoming major figures in children's literature. We hope that they have the potential to create valuable works in the future. They are producing works in a wide range of genres that reflect our national identity.Almost all of these works sought to describe the reality and innocence of children's lives through various stories. The novelty of the research work lies in the analysis of events in the lives of children, guided by the principles of literary studies.

In contemporary Kazakh literary studies, the very raising of the problem of intergenerational continuity is of value.

Keywords: continuity of tradition, formation, patriotism, national identity, artistic factor, tendency, exaltation, analysis, rhetoric, realist viewpoint, text, dynamics, motive, artistic factor, situation, typology, space.

Статья поступила 11.03.2023